

Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 12 шілде N 714 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1222. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 20 қарашадағы N 953 (V043298) бұйрығымен.

Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу, қорытынды аттестаттау кезінде білім процесі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау мақсатында бұйырамын:

1. Қоса берілген жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

2. Жоғары білім департаменті (Ә. Әбжаппаров) осы бұйрықты, белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұ с ы н с ы н .

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә. Ахметовке жүктелсін.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 2 ш і л д е д е г і
N 7 1 4 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер жоғары оқу орындарында (ЖОО-да) білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы (ары қарай - Ережелер) 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы "Білім туралы" заңына сәйкес әзірленген.

2. Ереже жоғары оқу орындарында, олардың меншік түрі мен ведомстволық бағыныштылықтарына қарамастан, білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

3. Білім алушылардың жоғары кәсіби білімге сәйкес мемлекеттік жалпы міндетті стандартты игерулерін анықтау мақсатында жүргізілетін, нәтижесінде білім туралы құжат (диплом) беретін қорытынды мемлекеттік аттестаттау (процедура) іс жосығы болып табылады.

4. Жоғары кәсіби білім беретін білім алушыларды қорытынды аттестаттау жоғары оқу орындарының оқу жоспарында анықталған белгілі бір мерзімде жүргізіледі.

5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау мерзімінің ұзақтығы 4 аптадан кем болмауға тиісті.

6. Білім алушылар жоғары оқу орындарының (филиалдардың) оқытудың барлық түрлеріне бірдей бекітілген оқу бағдарламалары бойынша оқу жоспарында көрсетілген емтихандарды түгел тапсырып, қорытынды бітіру еңбегін қорғауға міндетті.

7. Білім алушының себепті жағдайларда (денсаулық, бала туу, жүкті болу) оқу орнының басшысының келісімімен қорытынды бітіру еңбегінің орнына қосымша екі мемлекеттік емтихан тапсыруға құқығы бар. Бұл жағдайда мемлекеттік емтихандар тізбегі шығарушы кафедра отырысында бекітіледі. Білім алушы оқу орнының басшысы атына жазылған арызына медициналық анықтамасын қосып өткізеді. Қорытынды бітіру еңбегінің орнына қосымша мемлекеттік емтихан тапсыру басқа жағдайларда рұқсат етілмейді.

2. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру тәртібі

8. Қорытынды аттестаттауға оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының талаптарын толық орындаған білім алушылар жіберіледі.

9. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу тізімменен декан факультетінің өкімімен жасалып, Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына ұсынылады.

10. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмыс кестесін оның төрағасымен келісіп жасау жауаптылығы факультет деканына жүктеледі.

11. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмыс кестесі ректормен немесе оның тапсырмасымен оқу проректорымен бекітіліп, Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы басталуынан екі аптадан кем емес мерзімде жалпы ортаға хабарланады. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмыс ұзақтығы (мәжілісі) күніне 6 сағаттан аспауы керек.

12. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізгенге дейін Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) факультет деканының білім алушылардың оқу жоспарын орындағаны және олардың теориялық пәндерден алған бағасы мен практикалық пәндерден, курстық жобалардан (жұмыстардан), оқу және өндірістік тәжірибелерден алған сынақтары көрсетілген анықтамасы;

2) ғылыми жетекшісінің пікірі. Ғылыми жетекшінің пікірінде "қорғауға жіберіледі" немесе "қорғауға жіберілмейді" деген негізделген қорытынды беріледі;

3) бітіру жұмысына берілген өндіріс маманының, ғылыми мекеменің немесе жоғары оқу орнының сын пікірі. Сын пікірде бітіру жұмысының бағасы көрсетілген ("өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық" немесе "қанағаттанарлықсыз") негізделген қорытынды беріледі. Бітіру жұмысына білім алушы мамандалып жүрген кафедра оқытушыларының пікір жазуына рұқсат етілмейді.

13. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына орындалған бітіру жұмысының ғылыми және тәжірибелік мәнін сипаттайтын макеттер, материал үлгілері, бұйымдар, ауылшаруашылық өнімдері, минерал жиынтықтары, гербарийлер және басқа материалдар мен т.с.с. ұсынылуы мүмкін.

3. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі

14. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік емтихандар тапсыру және бітіру жұмысын қорғау түрінде жүргізіледі.

15. Мемлекеттік емтихандар оқу бағдарламалары көлемінде оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша өткізіледі.

16. Мемлекеттік емтихан өткізу түрін (ауызша, немесе жазбаша) ЖОО-ның (факультеттің) ғылыми кеңесі анықтайды.

17. Мемлекеттік емтихан тапсыру немесе бітіру жұмысын қорғау мүшелерінің жартысынан артығы қатысқан Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының ашық отырысында өткізіледі.

18. Тәртіп бойынша әр пәннен мемлекеттік емтиханды тапсыру уақыты және де бір бітіру жұмысын қорғау уақыты әр студентке 45 минуттан аспауы керек. Бітіру жұмысын қорғау үшін білім алушы Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында уақыты 20 минуттан аспайтын баяндама жасайды.

19. Бітіру жұмысын қорғау және мемлекеттік емтихандар қорытындысы "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық" немесе "қанағаттанарлықсыз" деген бағалармен анықталады.

Бітіру жұмысын қорғау және мемлекеттік емтихан тапсыруда көрсеткен білімді бағалауда студенттің теориялық, ғылыми және тәжірибелік дайындық деңгейі және де ғылыми жетекшісі мен сын пікір жазушының пікірі ескеріледі.

20. Бітіру жұмысын қорғау және мемлекеттік емтихан тапсыру қорытындылары сол күні Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының отырысының хаттамасын жасағаннан соң жарияланады.

21. Бітіру жұмысын қорғаған және мемлекеттік емтихандарды тапсырған білім алушыға алған мамандығы бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен біліктілік және бакалавр немесе магистр академиялық дәрежесі беріледі.

22. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен және жоғары кәсіби білімнің қажетті деңгейінің кәсіби-білім бағдарламасын меңгергенін растайтын білім алушыға мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен және омырауға тағатын белгі беріледі.

23. Диплом қосымшасы білім алушының оқу жоспарын орындағаны және олардың теориялық пәндерден алған бағасы мен практикалық пәндерден, курстық жобалардан (жұмыстардан), оқу және өндірістік тәжірибелерден алған сынақтары көрсетілген факультет деканының анықтамасы негізінде т о л т ы р ы л а д ы .

Бір оқу пәнінен бірнеше емтихандық баға болған жағдайда қосымшаға ең соңғы баға қойылады. Егер соңғы семестрлік баға бағдарламалық материалдың мардымсыз көлемі немесе жеткіліксіз ғылыми-оқу мәніне байланысты білім алушының аталған пәннен дайындығын толық сипаттай алмайтын болса, тиісті кафедраға өз шешімімен қай (семестрдегі немесе курстағы) бағаны дипломның қосымшасына енгізуді анықтау құқы беріледі. Орташа бағасын шығаруға рұқсат етілмейді.

24. Оқу жоспарындағы пәндердің 75 пайызынан кем емес емтихандарын және дифференциалды сынақтарын "өте жақсы" деген бағаға тапсырғанда, ал басқа пәндерден - "жақсы" деген баға алып, мемлекеттік емтихандарда және бітіру жұмысын қорғауда "өте жақсы" деген баға алған жағдайда білім алушыға үздік диплом беріледі.

25. Қанағаттанарлық баға алған жағдайда бағасын жоғарылату мақсатымен мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға және бітіру жұмысын қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

26. Қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда сол кезеңде мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға және бітіру жұмысын қайта қорғауға рұқсат б е р і л м е й д і .

Бітіру жұмысы қанағаттанарлықсыз бағаға қорғалған жағдайда, Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы білім алушы сол жұмыстың комиссия көрсеткен тұстарын жөндеп, қайта тапсырма немесе тиісті кафедра белгілейтін жаңа тақырыппен жұмыс істей ме - осы жағын анықтайды.

27. Мемлекеттік емтихан тек өткен қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған пәндерден ғана келесі қорытынды аттестаттауда жүргізіледі.

28. Мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыру және бітіру жұмысын қайта қорғау теориялық курс біткен 3 жылдың ішінде 2-ақ рет рұқсат етіледі. Бұл жағдайда мемлекеттік емтиханға шығарылатын пәндер тізбесі мемлекеттік емтихандарды тапсыра алмағандар үшін олардың теориялық курсты бітіру жылындағы оқу жоспарымен анықталады.

29. Мемлекеттік емтихандарды тапсыруда және бітіру жұмысын қорғауда қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушыларға белгіленген үлгідегі академиялық анықтама беріліп, жоғары оқу орнының басшысының бұйрығымен оқудан шығарылады.

30. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін өткізілген денсаулығы жөніндегі құжаттар қаралмайды.

4. Жоғары оқу орындарының Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру тәртібі

31. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау, әдетте, әр мамандықтан оқудың барлық түрлері үшін ортақ құрылған Мемлекеттік аттестаттау комиссиясымен жүргізіледі.

Бітірушілер саны көп болған жағдайда мамандандыру бағыттарын ескере отырып бір мамандықтан бірнеше Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылады.

Бітірушілер саны аз болған жағдайда ұқсас мамандықтардан біріккен Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылуы мүмкін.

32. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қызметіне:

1) бітіруші мамандардың ғылыми-теориялық және тәжірибелік дайындық деңгейінің жоғары кәсіптік білім мамандықтарының жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкестігін тексеру;

2) оларға тиісті мамандық және диплом (үздік, жәй) беру жөніндегі шешім қабылдау;

3) бакалавр, магистр академиялық дәрежесін беру;

4) мамандар дайындаудың сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар дайындау жатады.

33. Төраға және мүшелерден тұратын Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жылда ұйымдастырылып, күнтізбелік жыл бойы жұмыс істейді.

34. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасын білім беру саласының орталық атқарушы органы, әдетте, басқа жерде жұмыс істейтін, мамандықтары сәйкес келетін, тәжірибесі мол өндіріс мамандарынан, ғалымдардан, оқытушылар мен мұғалімдерден тағайындайды. Жоғары оқу орнында бір адам қатарынан екі

жылдан артық Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болып тағайындала алмайды.

Ескерту: 34-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 82 бұйрығымен (Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 13 бұйрығымен).

35. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамына қызметтік дәрежесі бойынша: факультет деканы немесе бітіртіп отырған кафедра меңгерушісі кіруге құқы бар. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қалған мүшелері мамандықтары сәйкес келетін сол және басқа оқу орындары мен ғылыми мекемелердің жетекші профессорлары, доценттері; экономика және басқа салалардың білікті мамандарынан қалыптастырылады.

36. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының дербес құрамы төрағадан басқасы оқу орнының басшысының бұйрығымен жылсайын 31 қаңтарға дейін бекітіледі.

Магистрлік диссертация қорғау үшін білім беруші мекемелерде оның басшысының бұйрығымен арнайы Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылады, оның төрағасын да білім беру саласының орталық атқарушы органы бекітеді. Осы комиссияның құрамына мамандық профилі бойынша ғылыми дәрежелері бар оқытушылар, оның ішінде ең болмағанда бір ғылым докторы кіруге тиісті.

Ескерту: 36-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 82 бұйрығымен. (Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 13 бұйрығымен).

37. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының бітіру жұмысына және мемлекеттік емтихан кезіндегі білімге қойылатын баға туралы, сонымен қатар, мамандық, академиялық дәреже беру жөніндегі шешімі жабық отырыста комиссия мүшелерінің көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады. Тең дауыс берілген жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

38. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының барлық отырыстарына хаттама жасалады. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамалары бекітілген түрде орындалады. "Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының оқу пәні немесе мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру жөніндегі" N 1 хаттамасы; "Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының бітіру жұмысын қорғау жөніндегі" N 2 хаттамасы; "Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының мамандық, академиялық дәреже беру жөніндегі" N 3 хаттамасы (1, 2, 3 қосымшалар). Хаттама комиссия мүшелерінің ішінен бекітілген, шығарушы кафедраның оқытушыларынан тағайындалған, Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының хатшысымен толтырылады.

39. Хаттамаға бітіру жұмысына және мемлекеттік емтихандағы білімге қойылған баға енеді, сонымен бірге, берілген сұрақтар, ерекше пікірлер жазылады. Егер Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жеке мүшесінің пікірі басқа комиссия мүшелерінің пікірімен сәйкес келмесе, оның өз ерекше пікірін хаттамаға енгізіп қолын қоюға құқығы бар. Хаттамада берілген мамандық, академиялық дәреже, сондай-ақ жоғары оқу орнын бітірушіге қандай диплом (үздік немесе жәй) берілгендігі көрсетіледі.

Хаттамаға төраға мен Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мәжіліске қатысқан мүшелері қол қояды.

Хаттамалар жоғары оқу орнының мұрағатында сақталады.

40. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталған соң комиссия төрағасы есеп дайындайды.

41. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталған соң комиссия төрағасының есебі жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінде талқыланып бекітіледі.

42. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталған соң бір ай ішінде комиссия төрағасы бекітілген есебін білім саласындағы орталық атқару органдарына өткізеді, ал көшірмесін білім ұйымының басшысына береді.

43. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағасының есебінде жоғары оқу орнында сол мамандық бойынша мамандар дайындаудың деңгейі, бітіру жұмыстарының орындалу сапасы, бітіру жұмыстары тақырыптарының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жағдайына және өндіріс мәселелеріне сәйкестілігі, мемлекеттік емтиханда байқалған білімі, олардың жекелеген пәндер бойынша дайындықтарының нашарлығы көрініс беруі тиіс. Есепте осы бағытта мамандар дайындау сапасына терең талдау жасалуы тиіс. Есепте сонымен қатар жоғары оқу орнында мамандар даярлауды ары қарай жетілдіруге нақты ұсыныстар беріледі.

44. Осы Ережеде қамтылмаған мәселелерді шешу жоғары кәсіптік білім беретін оқу орнының ғылыми кеңесінің құзырына жатады.

1-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының
№ _____ хаттамасы

(әр мемлекеттік емтиханда толтырылады)

" ____ " _____ 2000 ж.

_____ сағ. _____ минуттан _____ сағ. _____ минутқа дейін

Қатысқандар: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Пән немесе мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру туралы

Емтихан тапсыратын білім алушы (студент, магистрант)

С ұ р а қ т а р :

1. _____

2. _____

3. _____

1. Білім алушының (студент, магистрант) мемлекеттік емтиханды _____ деген бағаға тапсырғаны мойындалсын.

2. Төмендегілер аталынып өтсін _____

3. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері _____

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)

2-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының

№ _____ хаттамасы

" _____ " _____ 2000 ж.

_____ сағ. _____ минуттан _____ сағ. _____ минутқа дейін

Білім алушының бітіру жұмысын қарастыру жөніндегі

(аты, жөні, тегі, факультеті және мамандығы)

тақырыбы _____

Қатысқандар: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы

Комиссия мүшелері:

(әрбір бітіру жұмысына бір рет арналады).
Жұмыс жетекшісі: _____

Жұмысты орындаудағы кеңесшілер: _____

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына келесі материалдар ұсынылды:

1. Бітіру жұмысы бойынша есеп-жазба түсіндірмесі (немесе бітіру жұмысының _____ беттік түсініктемесі)

9. _____ бет сызбалар.

10. Жұмыс жетекшісінің пікірі.

11. Бітіру жұмысының сын-пікірі _____ минут орындалған жұмыс баяндалғаннан соң студентке келесі сұрақтар қойылды:

1. _____

(сұрақ қоюшының тегі)

2. _____

(сұрақ қоюшының тегі)

3. _____

(сұрақ қоюшының тегі)

Қойылған сұрақтарға және сын-пікірге берілген студент жауабының жалпы сипаттамасы _____

Оның жалпы ғылыми, жалпы техникалық, арнайы пәндерден көрсеткен білімі _____

Студент бітіру жұмысын орындап, төмендегідей бағаға қорғағанын мойындаймыз _____

Мамандығы берілсін _____

Академиялық дәрежесі берілсін (бакалавр, магистр) _____

Ерекше аталсын _____

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірі _____

Диплом берілсін (үздік, жәй)

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)

3-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының

№ _____ хаттамасы

" _____ " _____ 2000 ж.

Барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырып, бітіру жұмысын қорғаған білім алушыға мамандық, академиялық дәреже беру туралы

Қатысқандар: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы

_____ Комиссия мүшелері:

Білім алушы _____ (аты, жөні, тегі)

мемлекеттік емтихандарды тапсырып, бітіру жұмысын төмендегідей бағаға қорғады _____

(пән аты, бітіру жұмысының түрі, бағасы, тапсыру мерзімі)

Бітіруші _____ оқу жоспарында көрсетілген барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырғаны және бітіру жұмысын қорғағаны мойындалады.

Мамандығы берілсін _____

Академиялық дәрежесі берілсін (бакалавр, магистр) _____

Ерекше аталсын _____

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірі _____

Диплом берілсін (үздік, жәй) _____

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК